

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 31 мамырда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
Б.Н.Асылқожа**

Депутаттық сауал

Құрметті Берік Ноғайұлы!

Бүгінгі күнге дейін құзырлы органдар тарапынан қайыр болмағасын, меселі қайтып, тауы шағылған, шалқыған көлдің шөлге айналып бара жатқан кейпіне қабырғасы қайысып, жоғарыдан әділеттілік іздеген Талас ауданының мыңдаған халқының ащы жанайқайын жеткізбекпін.

Мәселе айналасындағы қалың халықтың тіршілік көзі болып келген «Ақкөл» көлінің болашақ тағдыры жайында. Арғы бастауын Қырғыз Алатауынан, бергі ағысын «Терісащыбұлақ» су қоймасынан, «Билікөл» су тоспасынан алатын «Ақкөл» көліне үлкен қауіп төніп тұр. Сыйымдылығы 264 млн. текше метр «Ақкөл» көліне 2022 жылы небәрі 6,0 млн. текше метр ғана су түскен. Оның себебі «Билікөл» көлінің балығын аулайтын «Жуалы и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қожайыны былтырғы жылы «Билікөл» көлінен «Ақкөл» көліне су шығатын арнасына өз бетімен, заңсыз бетон бөгет салып тастаған.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125, 126 баптарына сәйкес, су объектілерінде құрылыс жұмыстарын жүргізу тәртібі бойынша жұмыс жобасын уәкілетті және тиісті органдармен келісу керектігі айтылып, ескерту жасалса да, кәсіпкер тарапынан ешқандай оң әрекет жасалмай отыр.

Бұған қоса, Су ресурстары комитетінің Тоғызтарау ауылдық округінің әкімшілігінде комиссия құрамымен өткізген жиналысының қорытындысы бойынша Билікөлден шығатын биіктігі 80 см, қалыңдығы 65 см салынған бөгеттің ешбір техникалық құжаттарының және құзырлы органдардың келісімі жоқ екені анықталып, заңсыз деп танылды.

Алайда, «Жуалы и К» ЖШС-нің құпия қожайыны комиссия жиналысының шешімі мен талаптарын орындамай келеді.

«Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» демекші, өңірдің әкімшілік билігін аттап, тиісті органдардың шешімін таптап өтетін, заңмен де, халықпен де

санаспайтын, «Билікөл» көлінің балығын жеңіл табыс көзіне айналдырып алған «лоббис, бұл кім болды екен?» деген заңды сұрақ туындайды. Көлдің суы мен балығын жалғыз жұтып, жайпап келе жатқанына қарағанда, көп шорағайдың бірі емес, аузы үлкен, жалпақ жайынның бірі болуы мүмкін.

Қайырсыз ерге мал бітсе,
Көлге жылқы жаптырмас,
Қасына қоңсы қондырмас,
Аңқаң құрып келгенде,

Саумал бермес ішерге, - деп дала дөлмары Бұқар бабамыз айтқандай, ортайған көлдің, шөлдеген елдің, шөліккеген жердің тағдырын кім ойлайды?

Бір көлдің жағасын, бір өзеннің сағасын жағалай қоныстанған Талас және Сарысу аудандарының мыңдаған халқы балық аулайтын, бау-бақша өсіретін кәсібінен, алқапқа су жайылмағасын шабындығы құрап, жем-шөп жинайтын нәсібінен айырылып отыр.

«Жуалы и К» ЖШС-нің жоғарыда баяндалған бұл әрекеті мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан құру» маңызды реформаларына көлеңкесін түсіруде.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні жазбаша жолданады, нақты ұсыныстар:

Бірінші. Мүдделі органдар өкілдерінің қатысуымен «Билікөл» көлінен «Ақкөл» көліне су шығатын арнасына өз бетімен салынған бетон бөгеттің заңдылығын анықтау үшін тексеріс жүргізілсін.

Екінші. Тексеріс нәтижесі бойынша заңсыздық фактілері дәлелденген жағдайда, рұқсатсыз салынған бетон бөгеттің бұзылуы қадағалансын.

Үшінші. Тексеріс нәтижесі бойынша осы іске қатысы бар лоббист лауазымды тұлғалар анықталған жағдайда қолданыстағы заңнама аясында тиісті шаралар қабылдансын.

Жауапты заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша ұсынуыңызды сұраймын.

**Құрметпен, «АМАНАТ»
партиясы фракциясының мүшесі,
депутат**

А. Әлтай